


Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім
министрлігі

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті

Созақ ауданының әкімдігі

Сұлтанбек Қожанов атындағы жалпы орта мектебі



Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, алты
алаштың ардақты азаматы Сұлтанбек Қожановтың
туылғанына 130 жыл толуына орай өткізілетін

«ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА»

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияға

ШАҚЫРУ

Шолаққорған – 2024

Құрметті:

Сізді аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, алты алаштың ардақты азаматы, Ақсұмбеден ұшқан ақсұңқар Сұлтанбек Қожановтың туылғанына 130 жыл толуына орай өткізілетін «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференция 2024 жылы 7 маусым күні сағат 10.00-де Созақ ауданы Шолаққорған ауылындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өтеді.

Ұйымдастыру комитеті

Тең төрағалары: Г.Д.Сүгірбаева, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ректоры.

М.С.Тұрысбеков, Созақ ауданының әкімі

Мүшелері: Е.Керімбеков, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ ғылым істері жөніндегі проректоры, Ж.Масалиева, филология факультетінің деканы, Анарбаев Қ. т.ғ.к. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті директоры, Д.Байғұт, қазақ тіл мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Н.Нұрпейісов, қазақ тіл мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, М.Әлмаханов, Сұлтанбек Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің директоры.

Уақыт тәртібі (регламент)

Пленарлық мәжілістегі баяндамалар үшін — 10-12 минут.

Жарыс сөзге шығушылар үшін — 3-5 минут.

Ғылыми конференцияның жұмыс тәртібі:

7 маусым, 2024 жыл.

09.00 — конференция қонақтарын қарсы алу

09.30 — Сұлтанбек қожанов ескерткішіне гүл шоқтарын қою, мұражаймен танысу.

10.00 — 13.00. Сұлтанбек Қожановтың туылғанына 130 жыл толуына орай өткізілетін «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысы.

13.00 — Түскі ас.

Ұйымдастырушылар:

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті филология факультетінің қазақ тіл мен әдебиеті кафедрасы. Созақ ауданының әкімдігі, Сұлтанбек Қожанов атындағы жалпы орта мектебі.

Конференция бағдарламасы:

Ғылыми конференция модераторы: Нүрпейісов Нариман, ф.ғ. к, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің доценті.

реті	Ғалымдардың аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, жұмыс орны	Ғылыми мақала, еңбектерінің тақырыбы
1	Тұрысбеков Мұхит	Созақ ауданының әкімі	Құттықтау сөз
2	Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ректоры	Құттықтау сөз
3	Ысқақұлы Дандай	ф.ғ.д, профессор, әл-Фараби атындағы ҚҰУ. Алматы.	«Сұлтанбек Қожановтың ұлт әдебиетіне қызметі»
4	Ергөбек Құлбек	ф.ғ.д, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков ат. ОҚПУ Шымкент.	«Қоғам һәм қалам қайраткері»
5	Қойшыбаев Бейбіт	жазушы, т.ғ.к. Алматы.	«Қожанов межелеу науқанында»
6	Әлмашұлы Жолтай	Ф.ғ.к., «Роман-драма халықаралық журналының бас редакторы. Астана.	«Сұлтанбек Қожановтың қаламгерлік және қайраткерлік қырлары»
7	Тұрсын Хазретәлі	Т.ғ.д. профессор, Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан.	«Сұлтанбек Қожановтың Ұлттық мемлекет қалыптастыру тұжырымдамасы».
8	Қабдышев Болат	Т.ғ.к. Ғұмарбек Дәукеев ат. Алматы энергетика және байланыс университеті. Алматы.	«Саяси билік басындағы қазақ қайраткерлерінің ұлт мүддесі жолындағы күресі. 1924-29жж».
9	Анарбаев Қайрат	т.ғ.к.Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті директоры. Шымкент.	«Сұлтанбек Қожанов қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі ұлттық таным іздері».
10	Салқынбек Досалы	Т.ғ.к. Сәтбаев атындағы ҚҰТУ кафедра меңгерушісі. Алматы.	«Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүдде жолындағы күресі»
11	Тұрашбеков Әбдіжаппар	ф.ғ.к, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Шымкент.	«Сұлтанбек Қожанов - қазақ рухының биік тұлғасы».
12	Мамыт Амангелді	Ф.ғ.к. доцент.Ж.А.Тәшенов университеті. Шымкент.	Сұлтанбек Қожанов және қазақ тілінің мемлекеттік мәселелері»
13	Раджабов Кахрамон	Ф.ғ.д. профессор. Өзбекстан Республикасы. Ташкент..	«Роль и место Султанбека Ходжанова истории Туркестанской АССР»
14	Нүрпейісов Нариман	ф.ғ.к, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Шымкент.	«Қайраткер Қожанов – алаш ардақтыларының жанашыры».
15	Еркінбай Ұлан	Ф.ғ.к, доцент Ахмет Байтұрсынұлы Білім академиясының директоры. Астана.	«Ұрпақ тәрбиесі және Сұлтанбек Қожановтың көшбасшылық тұлғасы».

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Сұлтанбек аға сыршыл ақын Мағжанды өз кезінде танып, жарыққа шығарғаны үшін-ақ сыйлауға құрметтеуге лайық азамат.

Мұхтар Әуезов.

Академик. XX ғасырдың ұлы жазушысы.

* * *

Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз.

Мұстафа Шоқай

Қоғам және мемлекет қайраткері, түркі халқының даңқты күрескері

* * *

Біз Қожановты қазақ елі тәуелсіздігінің бастауында тұрған тұлғаларының бірі ретінде қараймыз. Ол — Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының ізін басқан, солармен тығыз қарым-қатынаста болған, Алаш қайраткерлерімен араласқан, өз қайырымын тигізген үлкен тұлға.

Амантай Шәріп

Филология ғылымдарының докторы, профессор, қожановтанушы ғалым

* * *

Сұлтан Қожанов сияқты ұлтжандылығы мемлекетшілікке ұласқан, мемлекетшілігі ұлтына қалтқысыз қызмет етуге жұмылдырылған қайраткер алаштың Сұлтанбегі болып халықтың жадынан да, ғылыми танымнан да мәртебелі орын алуға әбден лайық.

Хазретәлі Тұрсын

тарих ғылымдарының докторы, профессор, белгілі қожановтанушы.

* * *

Ол ұлты үшін лаулап жанып, сосын ұлты үшін сөнді. Халқы үшін өз өмірін де қиюға қаймықпады. Ол — Сұлтанбек Қожанов! Қазақ ұлтының Қожановы...

Жолтай Әлмашұлы.

белгілі қожановтанушы ғалым.

* * *

Қожанов ақиқат алдында ардақталуға әбден лайық тұлға. Оның өмір жолы, көзқарасы, ұстанымы бүгінгі таңда да ескірген жоқ, ол қазір де сан мың өскелең ұрпақ үшін — Тәуелсіздік мұратына қызмет етудің тамаша да көрнекті үлгісі бола алады. Рухы күшті, биік азамат.

Бейбіт Қойшыбаев

белгілі қожановтанушы ғалым.

* * *

Ақсұмбе, Ақбикеш - біздің, ұлы бабамыз Қожановтың кішкентай Отаны. Ғасырлар қойнауында қалған көне кент, бүгінгі кішкене ғана ауыл Ақсұмбе деп сүйген Сұлтанбек Қожанов өсе келе байтақ еліміздің кең құшағына кіріп үлкен жүректі, ұлы мұратты, биік мақсатты серік етіп, алға адымдады, оған алыста қалған Ақсұмбе мен Ақбикеш тілектес болып, асқақ, өр рухты тілектен айнымады.

Нариман Нүрпейісов

Филология ғылымдарының кандидаты,

Созақ ауданының Құрметті азаматы